

# Ұлы ағартушы мұражайының ғылыми-танымдық мәні



**Қаламқас ШОРМАНОВА,**  
**Ы.Алтынсарин атындағы**  
**Арқалық педагогикалық**  
**институты «Ы.Алтынсарин**  
**мұражайы» маманы,**  
**филология ғылымдарының**  
**магистрі**

**Мұражай – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық және тәрбиелік қызмет атқаратын мекеме болып табылады.**

Қазақстанда еліміздің халық ағарту тарихына арналған тұңғыш мұражай құру жұмыстары Арқалық педагогикалық институтында сонау 1970-ші жылдары қолға алынған болатын. Қажырлы еңбектің арқасында 1974 жылдың 24 желтоқсанында «Ы.Алтынсариннің педагогикалық музейі» ашылсын деген институт ректорының № 694 бұйрығы қабылданды.

Мұражайдың ашылуына институттың алғашқы ректоры т.ғ.к. М.О.Төлегенов пен мұражайдың алғашқы директоры ф.ғ.к. Ә.И.Ламашевтің еңбегі зор және қалдырған ізі мәңгілік.

Осы уақыттан бастап институт ғимаратында көрме залдары мен қоймаға орын белгіленді, іс-қағаздар алмасу және шаруашылық қызметтерге жауапты бөлімдерді мұражай жұмыстарын жандандыруға міндеттендірілді. Жанашырлар қауымдастығы арқасында Алматы, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе, Орынбор, Қазан, Уфа, Мәскеу, Ленинград қалаларының мұражайлары мен мұрағаттарынан, Торғай, Арақарағай, Ырғыз өлкелеріне ғылыми экспедициялар мен арнайы іс-сапарлардың арқасында көптеген материалдар жиналып, сарапталып, жүйеленді.

Мұражайдың ресми ашылуы 1976 жылы 20 қазанда Ы.Алтынсариннің 135 жылдығына орайластырылып, аса бір салтанатты жағдайда өтті. Ашылу салтанатына ұлы педагогтің шөбере қа-

рындасы, Қазақ КСР-нің халық ақыны М.Хәкімжанова, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Ғафу Қайырбеков, Ы.Алтынсарин туралы көлемді әдеби шығармалардың авторы, жазушы Жайсаңбек Молдағалиев, Алматы мектептері атынан мұғалім Үнзипа Файзуллина, педагогика ғылымдарының кандидаты, көрнекті орыс тілінің маманы Роза Есенжолова, Торғай облысының әр аудандарынан, Ақтөбе, Ақмола, Қостанай облыстарынан, Алматы қаласынан ғалымдар, ақын-жазушылар т.б. қоғам қайраткерлері қатысып, естеліктер айтып, баяндамалар оқылды.

Бұл мұражайдың басқалардан ерекшелігі – оның оқу орындарымен байланыстылығы, оқу-тәрбие әдістемелік құралдар қорының жинақталуы, кітапханалық қызмет көрсету және ең бастысы, халық ағарту үрдісінің басшысы болу, әрі бұқара халыққа, күш алып кете қоймаған мектептерге тірек болуында еді.

Тарих ағымы мұражай атауы мен деңгейін бірнеше рет өзгертті. 1976 жылы «Ғылыми педагогикалық», 1981 жылдан «Мемориалды педагогикалық», 2007 жылдан «Білім беру тарихы» мұражайы деп атаса, 2015 жылдың 1 қыркүйегінен бастап «Ы.Алтынсарин мұражайы» деп атала бастады.

Мұражайдың алтын қорындағы Ы.Алтынсариннің «Өмірі мен шығармашылығы», «Ата-жұрты», «Нағашы жұр-

ты», «Отбасы», «Таза бұлақ бастауы» «Оқыған мектебі», «Тұңғыш қоңырау үні» «Өзінің ашқан мектебі», «Кәсіптік мектеп», «Қыздар мектебі», «Мұғалімдер семинариясы», негізгі 3 еңбегі «Қырғыз хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы», «Шариат – ұл – Ислам», «Ыбырайдың ізін жалғастырушылар», «Естен кетпес егіз бейне», «Ыбырайдың орыс достары», «Ыбырайтанушылар», «Даңқты жерлестер», «Ыбырай мектебінің түлектері», «Ыбырай – іс жүргізуші», «Ыбырай – сот орындаушысы», «Өлкедегі жоғарғы оқу орны» атты экспозициялық бөлімдер Ы.Алтынсариннің өмірі мен педагогикалық жолын баяндайды.

Жәдігерлер қатарына тоқталсақ, ұлы ұстаздың ас ішкен ағаш табағы мен қымыз ішкен тостағаны, баласы Абдолланың етік тігетін құрал-жабдықтары, киіз үйдің жабдықтары мен күміс білезік және ілгек, Торғайдағы тұңғыш мектептің іргетасы (саман кірпіші), қабірінің басынан әкелінген топырақ, шөбере қарындасы ақын, жазушы М.Хәкімжанованың оюлы хамзолы мен үкілі тақиясы, сөмкесі, нағашы жұртының өкілі, атақты химик, ЖОО арналған «Жалпы химия» оқулығының авторы Б.А.Бірімжановтың киген костюмі, әр өңірлерде ашылған мектеп қоңыраулары мұражайдың жәдігерлер қатарын толықтырып, мұражайдың тарихи маңызы мен мәнін

ашып тұр.

Сонымен қатар Ыбырай мектебінің түлегі, тұңғыш журналист Н.Құлжанованың жеке заттары мен еңбектері, ұлттың ұстазы А.Байтұрсынұлы пен біртуар дарын иесі М.Дулатұлына, институттың даму тарихына, ыбырайтанушы, мұражайды құрушы Ә.И.Ламашевқа, институт ректорларына арналған бөлімдер мен түрлі құжаттар, жәдігерлер мұражай төрінен орын алған.

Жоғары оқу орнындағы барлық мамандықтардың оқу кестесіндегі «Ыбырайтану» пәні және ұлы ағартушының туылған күніне орай дәстүрлі түрде өтетін «Ыбырай оқулары» да мұражай ашылған жылдан осы күнге дейін өз жалғасын тауып келеді.

Жылына 600-700-ге жуық көрермендер мұражай қорымен танысады. 45 жылдан астам тарихында мұражай залдары миллиондаған көрермендерге куә болды.

Ы.Алтынсарин мұражайы зерделі жастың көкірек көзін ашып, оның білімге, ғылымға деген құштарлығын арттыра түседі. Өйткені, білім тарихы – ел тарихының құрамдас, әрі маңызды бөлігі.

Келер жылы болатын институттың 50 жылдық тойы қарсаңында мұражай жәдігерлерін жаңарту жұмыстары қолға алынып отыр.

Бүгінгі таңда мұражай жоғары оқу орнының бір бөлігі ретінде құрылымдық орнына сәйкесті өз қызметін атқаруда.